Кеген ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің қорытындылары туралы

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Кеген селосы **30 наурыз 2026 жыл**

Кеген ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының 2026 жылдың 16 наурызындағы № 15 б-н/қ «Кеген ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығының негізінде 2026 жылдың 16-31 наурызы аралығында «Кеген ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуде 2025 жылдың қаңтар айынан желтоқсан айына дейінгі кезең қамтылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Кеген ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ бас мамандары З.Сарсенбаева, Г.Асанова, Г.Дулатбаева, Д.Қайнарбаевтардың қатысуымен жүргізілді.

Бөлімнің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Бөлімнің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау барысында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы № 181 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық кірісін есептеу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 29-30 баптарында:

«29. Отбасының жиынтық кірісінде ескерілетін жеке қосалқы шаруашылықтан, ауыл шаруашылығы (гүл) өнімдерін өсіруден, мал мен құс ұстаудан және өсіруден алынған кіріс осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес тау етегі-шөлді-далалық аймақтағы жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін кірісті есептеудің нормативтік карточкасы негізінде есептеледі.

30. Бір сотка жерден (бір бастан) өндірілген өнімнің құны өсірілетін дақылдың орташа түсімін (жеке қосалқы шаруашылықта ұсталатын мал мен құстың орташа өнімділігін) 1 кг өнімнің орташа бағасына көбейту жолымен

айқындалады. Кірісті, шығынды айқындау үшін бір сотка жер (бір бас) өндірілген өнімнің құнынан **шығысының орташа деңгейі шегеріледі.** Алынған мөлшер он екі айға бөлінеді және есепті кезеңдегі айлар санына көбейтіледі.» деп көрсетілген.

Өсірілетін дақылдың орташа түсімі (жеке қосалқы шаруашылықта ұсталатын мал мен құстың орташа өнімділігі) мен жердің 1 соткасына жұмсалған шығыстың орташа деңгейі (1 басқа жұмсалған шығыстың орташа деңгейі) нормативтік карточкада нақты көрсетілген. Ал 1 кг өнімнің орташа бағасы осы Қағидалардың 31 бабына сәйкес мемлекеттік статистика органдары қалыптастырған, өткен күнтізбелік жылғы орташа жылдық бағалар ретінде қарастырылады. Орташа жылдық бағалар жылдан жылға қарқынды өсуде, бірақ жердің 1 соткасына жұмсалған шығыстың орташа деңгейінің (1 басқа жұмсалған шығыстың орташа деңгейінің) өсуі ескерусіз қалған.

Орташа жылдық бағалармен қатар жердің 1 соткасына жұмсалған шығыс пен 1 бас малға жұмсалған шығыстың орташа деңгейі инфляцияға байланысты үнемі өсіп келе жатқандығын ескерсек, осы жағдай мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш берген отбасының жиынтық кірісінің дұрыс есептелмеуінің себебі болуы мүмкін екендігі анықталды.

Бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Талдау жүргізу барысында мүдделілер қақтығысы анықталмады. Қамтылған кезеңде жұмысқа жаңа адамдар қабылданбаған, яғни жұмысқа қабылданған адамның басшымен туыстық қатынасына жол берілмеген. Мамандардың ауысу фактілері орын алмаған. Қамтылған кезеңде мекеме мамандарымен тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапқа тартылу фактілері болмаған.

Кеген ауданы әкімдігінің 2025 жылғы бағалау қорытындысына сәйкес мекемедегі 5 мемлекеттік қызметкерлердің 2025 жылы атқарған жұмыстарына «өте жақсы» деген баға қойылған.

Бөлім мамандары біліктілігін арттыру курстарына 2023-2024 жылдары барған, алдағы уақытта біліктілігін арттыру семинарларына қатысуларын қадағалау керек.

Қамтылған кезеңде жұмысқа жаңа мамандардың қабылданбауына байланысты мемлекеттік қызметкерлер іс тәжірибеден өтпеген, сәйкесінше сынақ мерзімі мен тәлімгер тағайындалмаған.

Жақын туыстармен, жолдасымен және бажалармен бірге қызмет (жұмыс) істеу, қолданыстағы заңнамаларға сәйкес лауазымды тұлғаға қойылған сыбайлас жемқорлыққа байланысты шектеулерді, тыйымдарды бұзу(коммерциялық ұйымдарды және т.б.сенімді басқаруға беруге) фактілері анықталмады.

Мекемеде мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес 16 мемлекеттік көрсетілетін қызмет түрлері көрсетіледі. 2025 жылы барлығы 1229 қызмет көрсетілсе, оның 767-сі www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы

арқылы, 435-і «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы қызмет алушымен тікелей контактісіз, 27-сі мемлекеттік қызмет көрсетушінің ақпараттық жүйелері арқылы көрсетілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға берілген өтініштермен бірге стандартта қаралмаған құжаттарды талап ету, қызмет көрсетуші мен қызмет алушының тікелей байланыста болу фактілері орын алмаған.

2025 жылдың қаңтар айында техникалық ақауларға байланысты екі мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің бұзылу фактісі орын алған, атап айтқанда, 2025 жылдың 1 тоқсанына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке берілген № 27159034 өтініш, (берілген күні 05.01.2025ж., өтініш беруші ЖСН 880421401967 Мамырбекова Ж.К.) және № 27179929 өтініш, (берілген күні 07.01.2025ж., өтініш беруші ЖСН 920303401757 Умбетова Т.К.) Кеген және Жалагаш ауылдық округтеріндегі учаскелік комиссияға уақытында жолданған. Учаскелік комиссиялар өтініш берушінің тұрмыстық жағдайына зерттеу жүргізген, бірақ зерттеу нәтижесін FSM Social бағдарламасына түсіру техникалық ақауларға байланысты мүмкін болмаған. Бұл жөнінде қолдау орталығына хабарласып, өтініш номерлері, өтініш берушілердің ЖСН номерлері, қателіктің скриндері өз уақытында жолданған. FSM Social бағдарламасы 2025 жылдың қаңтар айында жаңадан енгізілгендіктен, техникалық ақау орын алып, ауылдық округтердегі учаскелік комиссиялар тарапынан қызмет көрсетудің мерзімі бұзылған. Бұл жөнінде Алматы облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына толық түсініктеме берілген, ал техникалық ақаудың орын алғандығы расталған.

Мемлекеттік қызметті негізсіз көрсетпеу, Мемлекеттік қызметтің белгілері бар қызметтерді жүзеге асыру, көрсету(жасырын қызмет) фактілері анықталған жоқ.

Жұмыс тобының мүшелері:

З.Сарсенбаева

Г.Асанова

Д. Қайнарбаев

Г.Дулатбаева

Таныстым:

Кеген ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы **Б.Оразова**